

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің "Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 14 маусымдағы № 515 және "Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы" 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 9 қаңтарда № 18161 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 275 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.06.2023 № 275 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 7-бабының 6), 11), 13) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.06.2023 № 234 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13938 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заң) 7-бабының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді

және жұмыссыздар, оқудан бос уақытта, денсаулыққа зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмыстарда студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары және тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Еңбек биржасы" мемлекеттік интернет-ресурсы – еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын, Интернет желісінде жұмыс істейтін, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларын көрсету мақсатында еңбек ресурстарын дамыту орталығы қолдап отыратын электрондық ақпараттық ресурс;";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Халықты жұмыспен қамту орталығы қоғамдық жұмыстарға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдама береді.

Қоғамдық жұмыстарға қатысқысы келетін адамдар халықты жұмыспен қамту орталығына тіркелген күніне сәйкес кезектілік тәртібімен жіберіледі.

Қоғамдық жұмыстарға қатысқысы келетін адамдар қажетті құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді .";

1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларында:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) "Еңбек биржасы" мемлекеттік интернет-ресурсы – еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын, Интернет желісінде жұмыс істейтін, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларын көрсету мақсатында еңбек ресурстарын дамыту орталығы сүйемелдейтін электрондық ақпараттық ресурс;";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыс берушілерде олардың меншік нысанына қарамастан ұйымдастырылады, бұл ретте салық және басқа да әлеуметтік аударымдарын тұрақты түрде жүргізетін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ жұмыс берушілердің қатысуына жол беріледі.

4. Жұмыс берушілер әлеуметтік жұмыс орындарын тұрақты жұмыс орындарынан бөлек және тұрақты жұмыс орындарына арналған бос орындардан тыс құрады. Әлеуметтік жұмыс орындары ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарда құрылмайды.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздар мен әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырған жұмыс берушілер туралы мәліметтер "Еңбек биржасы" мемлекеттік интернет-ресурсында орналастырылады.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды және пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны ескергенде әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздардың жалақысына субсидияның ай сайынғы мөлшері жалақының белгіленген мөлшерінен 35 %-ды құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалған ең төменгі жалақы мөлшерінен аспайды.

Үкіметтік емес ұйымдар мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін құратын әлеуметтік жұмыс орындарының жалақысын субсидиялау мөлшерін жергілікті атқарушы органдар дербес белгілейді.

Орындалатын жұмыстың көлеміне және күрделілігіне қарай жұмыс беруші өз қаражаты есебінен, қажет болған жағдайда, нақты орындалған жұмыс үшін қосымша үстемеақылар белгілейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы шенберінде 2018 жылы мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарына жіберілген адамдарға Бағдарлама шенберінде жасалған шарттардың мерзімі аяқталғанға дейін әлеуметтік жұмыс орындарындағы жұмыстарын жалғастыруға құқық беріледі.";

Көрсетілген бүйрекпен бекітілген Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заң) 7-бабының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және жастар практикасын ұйымдастыру, қаржыландыру және оның шенберінде алған кәсібі (мамандығы) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім

беру ұйымдарының оқуды аяқтаған кейінгі 3 жыл ішіндегі және жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері қатарындағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру тәртібін айқындаиды.";

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Еңбек биржасы" мемлекеттік интернет-ресурсы – еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын, Интернет желісінде жұмыс істейтін, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларын көрсету мақсатында еңбек ресурстарын дамыту орталығы сүйемелдейтін электрондық ақпараттық ресурс;";

3, 4 және 5-тармақтарды мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жастар практикасы жұмыс берушілерде олардың меншік нысанына қарамастан ұйымдастырылады, бұл ретте салық және басқа да әлеуметтік аударымдарын тұрақты түрде жүргізетін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ және бір жылдан астам қызмет ететін жұмыс берушілердің қатысуына жол беріледі.

4. Жастар практикасы уақытша жұмыс орындарын құру арқылы ұйымдастырылады және оның мынадай ерекшеліктері бар:

1) жастар практикасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес түлектер оқуды аяқтағаннан кейінгі 3 жыл ішінде алған кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау үшін арналған;

2) жастар практикасына қатысушыларға еңбекақы төлеу республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларында тығым салынбаған көздерден жүргізіледі;

3) жұмыс орындарының саны іс-жүзінде шектелмеген, жұмыс уақытша сипатта болады және оларды ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындары қолданылмайды.

5. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңың 21-бабына сәйкес жастар практикасы алған кәсібі (мамандығы) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқуды аяқтаған кейінгі 3 жыл ішіндегі және жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері қатарындағы жұмыссыздарға арналған.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Жастар практикасына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздар мен жастар практикасын ұйымдастырған жұмыс берушілер туралы мәліметтер "Еңбек биржасы" мемлекеттік интернет-ресурсында орналастырылады.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Халықты жұмыспен қамту орталығы ай сайын "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі өзірлеген ведомстволық статистикалық байқаулардың нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 227 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13485 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша және мерзімдерде жастар практикасы бойынша есептілік жүргізеді және оны халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органға ұсынады және аталған есепте:

1) жастар практикасының шеңберінде құрылған жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған тұлектердің саны туралы;

2) жастар практикасының шеңберінде құрылған жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған адамдар жалақысының орташа айлық мөлшері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде 2018 жылды мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарына жіберілген адамдарға осы Бағдарлама шеңберінде жасалған шарттардың мерзімі аяқталғанға дейін әлеуметтік жұмыс орындарындағы жұмыстарын және жастар практикасын өтуді жалғастыруға құқық беріледі.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Тұлектер қатарындағы жастар практикасына қатысушылардың жалақысын қаржыландыру алты айдан аспайтын мерзімде еңбек шартына сәйкес жүзеге асырылады.

Респубикалық немесе жергілікті бюджеттерден айна субсидия беру мөлшері Бағдарламаға сәйкес айқындалады.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жастар практикасына жіберілген жеке тұлғалардың еңбекақысын қоса қаржыландыру және субсидиялау жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жүзеге асырылады.";

осы бүйрықпен бекітілген Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Халықты жұмыспен қамту туралы" Зан) 7-бабының 13) тармақшасына сәйкес өзірленді және жұмыс іздеген

адамдарға, жұмыссыздарға, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға және нәтижесіз жұмыспен қамтылғандарға, оралмандарға, сондай-ақ студенттерге, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакция жазылсын:

"6) "Еңбек биржасы" мемлекеттік интернет-ресурсы – еңбек нарығының бірынғай ақпараттық базасын қамтитын, Интернет желісінде жұмыс істейтін, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларын көрсету мақсатында еңбек ресурстарын дамыту орталығы сүйемелдейтін электрондық ақпараттық ресурс;";

16-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Еңбек биржасы" мемлекеттік интернет-ресурсы бойынша бос орындардың болуын және қатысушы таңдаған кәсіп бойынша оның кейіннен жұмысқа орналасуы үшін кадрларға қажеттілікті айқындайды;";

2-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды және нәтижесіз жұмыспен қамтылғандарды, жұмыссыздарды, оралмандарды және жұмыс іздеген адамдарды әлеуметтік кәсіптік бағдарлау";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін жүгінген өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды және нәтижесіз жұмыспен қамтылғандарды, жұмыссыздарды, оралмандарды және жұмыс іздеп жүрген адамдарды кәсіптік бағдарлауды дербес жүргізеді.";

15-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) іріктеу қорытындылары бойынша жұмыспен қамтудың жекеше агенттігімен жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін жүгінген өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға және нәтижесіз жұмыспен қамтылғандарға, жұмыссыздарға, оралмандарға және жұмыс іздеп жүрген адамдарға өтеулі негізде әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу туралы шарт жасасады.".

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жетекші вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің міндеттін атқарушы

С. Жақыпова

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлінің
2019 жылғы 4 қантардағы
№ 5 бұйрығына
1-қосымша

Ескеरту. 1-қосымшаның күші жойылды - ҚР Премьер-Министрлінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлінің 22.06.2023 № 234 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлінің
2019 жылғы 4 қантардағы
№ 5 бұйрығына
2-қосымша
Қоғамдық жұмыстарды
ұйымдастыру және
каржыландыру қағидаларына
1-қосымша

(ауданының, қаласының)
Халықты жұмыспен қамту
орталығына

(кімнен)

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін жұмыс берушіден алдағы қаржы жылына арналған өтінім

— (жұмыс берушінің толық атауы, занды мекенжайы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі), байланыс жасайтын адамдар мен телефондары)

жұмыссыздар, оқудан бос уақытта студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары және тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын жұмыс берушілердің тізбесіне қосуды сұрайды.

Жұмыс берушілердің тізбесіне қосу мәселесі оң шешім тапқан жағдайда жұмыссыздарға, оқудан бос уақытта студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына және тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдарға тізбеге сәйкес мынадай жұмыс орындары ұсынылатын болады:

P/c №	Жұмысқа кім ретінде қабылдау жоспарланып отыр	Жұмыс орындарының жоспарланған саны	Ай	Айлық жалакы мөлшері, теңге	Төлемдердің жоспарлы мөлшері, теңге
-------	---	-------------------------------------	----	-----------------------------	-------------------------------------

Басшы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(қолы)

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік

корғау министрінің

2019 жылғы 4 қантардағы
№ 5 бұйрығына

3-қосымша

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыруға арналған үлгілік шарт

(қала, облыс, аудан) (күні)

1. Осы шарт бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын директоры

(тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса)

Халықты жұмыспен қамту орталығы

(қала, облыс, аудан)

атынан директор

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

және бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын

атынан

(жұмыс берушінің атауы, занды мекенжайы, байланыс телефоны)

арасында

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13938 болып тіркелген) бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) және ауданың (қаланың, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органының 20__ жылғы _____ № ____ шешіміне сәйкес төмендегі туралы жасалды:

1. Шарттың мәні

2. Жұмыссыздар, жазғы демалыс кезеңінде студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары және тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдар үшін қоғамдық жұмыстарды Қағидаларға сәйкес қаржыландыру.

3. Шарттың сомасы _____ тенгені қурайды.
(жазбаша)

2. Таралтардың міндеттері

4. "Тапсырыс беруші":

таралтарға қоғамдық жұмыстарды құру және қаржыландыру мәселелері жөнінде консультация беруге;

Орындаушымен қоғамдық жұмыстар үйимдастыруға және қаржыландыруға арналған шарт жасасуға;

жұмыссыздың қоғамдық жұмысқа жұмысқа орналастырылғаны және қоғамдық жұмысқа қатысады аяқтағаннан кейін (мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналастырылғаны туралы мәліметтерді жұмысқа орналастырудың жеке картасында көрсетуге;

Тараптардан қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге құқылы.

5. "Орындаушы":

Өзіне тікелей жүгінген адамдарды "Тапсырыс берушінің" жолдамасы бар адамдармен тең жағдайда жұмысқа қабылдауға;

Тапсырыс берушіден еңбек нарығының жағдайы туралы тегін ақпарат алуға құқылы.

6. "Тапсырыс беруші":

жұмыссыз, жазғы демалыс кезеңінде студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары және тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген _____ адамды олардың келісімі бойынша қоғамдық жұмыстарға жіберуге; (жазбаша)

Орындаушы ұсынған құжаттардың негізінде "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 26 -тармағына сәйкес жасалған әлеуметтік келісімшартқа және 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес адамдарға жалақыны уақтылы және толық қолемде аударуға міндеттенеді.

7. "Орындаушы":

1) адамдарға еңбек шартында айқындалған түрлер, мерзімдер және шарттар бойынша жұмыс беруге

(тізіп жазу)

- 2) адамдармен Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шарттарын жасасуға;
- 3) қажет болған жағдайда қабылданған адамдарға өз қарожаты есебінен қосымша үстемеақы төлеуге;
- 4) әрбір адамға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама өткізуғе;

5) қажет болған жағдайда адамдарды арнайы киіммен, құрал-саймандармен, жабдықтармен қамтамасыз етуге;

6) Еңбек кодексіне сәйкес тиісті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге;

7) азаматтардың еңбек міндеттерін атқару кезінде денсаулығына зиян келтірілген жағдайда Еңбек кодексіне сәйкес зиянды өтеуге;

8) есепті айдың аяқталуына бес жұмыс күні қалғанда Тапсырыс берушіге осы Үлгілік шартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоғамдық жұмыстарда жұмыс істейтін адамдар туралы мәліметтерді ұсынуға міндеттенеді.

3. Еңбекақы төлеу

8. Қоғамдық жұмыстарға қатысушы адамдарға еңбекақы төлеу Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шарты негізінде жүргізіледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты болады.

9. Қоғамдық жұмыстарға қатысқаны үшін адамдарға есептелген еңбекақыға 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес салық салынады.

4. Тараптардың жауапкершілігі

10. Тараптар қоғамдық жұмыстарға ақы төлеуге арналған бюджеттік қаражатты мақсатқа сай пайдаланбағаны үшін 2014 жылғы З шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауаптылықта болады.

11. Шартты орындау барысында туындастын барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес шешіледі.

12. Шарт тараптардың бірінің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін, бұл ретте ол бұл туралы басқа тарапқа кемінде бір ай мерзім бұрын ескертуге міндетті.

13. Осы шартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың келісімі бойынша енгізіледі.

5. Форс-мажорлық жағдайлар

14. Тараптар осы Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған өрт, жер сілкіну, су тасқыны және әскери әрекеттер сияқты төтенше жағдайларда немесе құшпен еңсеруге келмейтін жағдайларда (форс-мажор) міндеттемелерін толық немесе ішінара орындағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

15. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде, осы Келісімшартқа сәйкес қандай да болмасын міндеттемесінің орындалуы осындай жағдайдың туындауына орай мүмкін болмай қалған тарап, форс-мажорлық жағдай туындаған немесе тоқтатылған сэттен бастап үш жұмыс күнінің ішінде бұл

туралы басқа Тараптарды жазбаша нысанда (осы келісімшарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалмауы мүмкіндігін уәждемелеп және негіздел) хабардар етеді.

16. Хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау Тараптарды мұнданай хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау тиісті форс-мажорлық жағдайлардан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатушы негіздеме ретінде, кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеме жасаудан шеттетеді. Форс-мажорлық жағдайлардың басталуы немесе тоқтауы туралы хабарлама форс-мажорлық жағдайлар жалпыға белгілі және көпшілік сипатта болған әрі дәлелдеуді қажет етпейтін жағдайларды қоспағанда, құжатпен не мұнданай жағдайдарды растайтын тиісті органның және/немесе мекеменің шешімімен расталуға тиіс.

17. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі форс-мажорлық жағдайлар орын алған уақытқа, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдар уақыт кезеңіне қарай кейінге шегеріледі. Егер форс-мажорлық жағдайлардың туындауына байланысты осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы _____ (кезеңі көрсетілсін) асатын болса, Тараптар осы Келісімшартты бұзуға құқылы.

6. Шарттың қолданылу мерзімі

18. Шарттың қолданылу мерзімі_____

19. Осы шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

20. Шарт әрқайсысының зандық күші бар екі данада екі тарап үшін жасалған.

7. Тараптардың занды мекенжайлары:

Тапсырыс беруші

_____ ауданының (қаласының)

Халықты жұмыспен қамту орталығы
занды мекенжайы:

ЖСК _____

БСК _____

БСН (ЖСН) _____

Коды _____

(Тегі, аты, әкесінің (қолы)

аты (бар болса)

М.О.

Орындаушы

занды мекенжайы:

ЖСК _____

БСК _____

БСН (ЖСН) _____

Коды _____

(Тегі, аты, әкесінің (қолы)

аты (бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК